



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№18 (10 221)

9 мамыр

бейсенбі

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

23 МАМЫР 2024 ЖЫЛ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ИСАБАЕВ БЕЙБІТ ӨКСІКБАЙҰЛЫ АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗЕДІ

11:00

М.БАЙСАҚҰЛЫ АТЫНДАҒЫ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ
ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛЫ, МҰРАТБАЕВ КӨШЕСІ, 1

Аудан әкімдігінің ғимаратында облыс әкімі

Аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды

10:00

ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛЫ,
ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІ, 5



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев 2024 жылғы 23 мамырда сағат: 10.00-де Ақсу ауданы әкімдігі ғимаратының 1-қабатында (Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5) аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Қабылдауға облыс әкімі аппаратының азаматтар өтініштерінің қаралуын бақылау бөліміне 8 (7282) 40-25-06 телефон нөміріне хабарласу арқылы алдын ала жазыла аласыз.

Сондай-ақ, сағат: 11.00-де өңір басшысы "М.Байсақұлы" атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимаратында (Жансүгіров ауылы, Мұратбаев көшесі, 1) аудан тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «jetisu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y=сілтемесі бойынша және Ақсу ауданы әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «Aksu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/aksu_akimdigi?igshid=MWZjMTM2ODFkZg==сілтемесі бойынша жүргізіледі.

ҒАСЫР КӨРГЕН БАТЫР



МОИСЕЕВ ГАВРИЛ СТЕПАНОВИЧ

Ауданымыздағы Ұлы Отан соғысының ардагері Жеңістің 79 жылдығына аман - есен жетіп отыр. Қапал округінде тұратын қария ақыл - кеңестің таусылмас қазынасындай боп үйдің төрінде отыратын тау тұлғалы ағамыз биылғы жылдың 25 наурызында 100 жастың тағы бір биігіне шықты! Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 79 жыл өтті. Сол сұрапыл соғысқа біздің ауылдың ардагері Моисеев Гаврил Степанович 1943 жылы аттанған екен.

Моисеев Гаврил Степанович 1922 жылы наурыз айының 25-і күні Қапал жерінде дүниеге келген. Әкесі Моисеев Степан Николаевич 1890 жылы, шешесі Моисеева Наталья Петровна 1896 жылы туған, бұл кісілер Қапалда «Пламя революции» колхозында еңбек еткен. 8 жасында Гаврил Степанович мектепке барған.

Мектепті бітіргеннен кейін қазіргі Семей қаласында 219-шы атқыштар дивизиясына әскери борышын өтеуге барады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, Гаврил Степановичті Томбовтағы жаяу әскерлер оқу орнына жіберді. Көп ұзамай 19 жастағы жігітті Батыс Ресей майданына аттандырды. 1943 жылы көзінен жарақат алған Гаврил Степановичті Алматы госпиталіне жіберіп, сол жерден І-ші топ мүгедектігін берген. 1945 жылы отбасын құрды, қазіргі таңда төрт ұлдың әкесі. Ауылымызға оралған Гаврил ағамыз еңбекке етене араласады. Қорғаныс бөлімінде Гаврил Степановичке мектепте әскери істі жүргізетін мұғалім мамандығын ұсынды. Осы жұмыста 3 жыл қызмет атқарды. Мектептен кейін «Пламя революции» колхозында еңбек етті.

Жүзін торлаған әжімдер басынан өткен аумалы - төкпелі тағдырынан хабар бергендей. Ағамыздың денсаулығы жақсы. Ауданымыздың ең үлкен абыз ақсақалы биыл 102 - ге келді.

Ел мен жерді жаудан қорғауға аттанған жас жігіт талай жорық жолдарынан өтіп, бейбіт өмірде құрметке бөленген Гаврил ағамыз қазіргі күнде балалары мен немерелерінің ортасында отырып, алда тек бейбітшілік пен тыныштық болса екен, - деп тілейді.

Қажырлы еңбегінің арқасында Ақсу ауданының "Құрметті азаматы" атағының иесі атанды. Біздің бақытты болашағымыз бен гүлденуіміз үшін өз өмірлерін қиған батырлардың жарқын естелігі біздің есімізде мәңгі қалады. Онжылдықтар өтсе де, ұрпақ өзгерсе де, Қазақстан халқы өз тарихын әрдайым құрметтейтін болады.

Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас ие, мәңгілік тағзым етеміз. Біз Сіздерді мақтан тұтамыз және Сіздердей болуға ұмтыламыз.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды.

Әсел АШИМОВА,

Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі - жөніндегі әдіскер нұсқаушысы.

9 мамырдың төл тарихымыздағы орны ерекше. Бұл – жанқиярлықпен ел қорғаған аталарымыз бен әкелеріміздің, әжелеріміз бен аналарымыздың рухына тағзым ететін күн. Бұл – фашизмді жеңген ерлердің ерен ерлігін жадымызда жаңғыртатын күн.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЫНАН.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 79 ЖЫЛ!

Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы

Ардақты аудан тұрғындары!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Жеңістің 79 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

7 мамыр Отан қорғаушылар күні. Бұл әр уақытта Отан күзетіндегі сарбаздардың патриоттық сезімін, елжандылық қасиеттерін паш ететін, күні кеше ел қорғаған азаматтардың ерлігін еске алатын ерекше мереке. Тарих толқынындағы біздің данқты ардагерлеріміздің ерлігі кейінгі буын жауынгерлерге үлгі болып келеді.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске биыл 79 жыл. Осынша жыл өткеніне қарамастан соғыс салған жара күні бүгінге дейін есте сақтаулы. Бұл соғысқа Ақсу өңірінен 6 мыңнан астам адам аттанып, солардың жартысына жуығы майдан даласында ерлікпен қаза тапты. Ақсулық жауынгерлердің екеуі – Нұрсұлтан Есеболатов пен Есмұрат Сикымов Кеңес Одағының Батыры деген ең жоғары атаққа ие болды. Сан жүздеген жерлестеріміз әртүрлі ордендер мен медальдардың иегері атанды.

Құрметті ардагерлер!

Сіздердің ерліктеріңіз тарихта алтын әріппен жазылып қалды. Баға жетпес еңбектеріңіз кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге болып саналады. Жыл өткен сайын ардагерлердің қатары сиреп барады. Ауданымызда биыл 102 жасқа толған жалғыз ардагеріміз қалды. Сондықтан мемлекетіміз майдан ардагерлерінің әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын жақсартуға, әл - ауқатын



көтеруге қамқорлық көрсетіп отыр. Бұл бүгінгі таңдағы ұрпақтың абыройлы парызы. Біздер майдангерлердің соғыстағы ерен ерлігіне тағзым етеміз.

Құрметті майдангерлер, ақсулықтар! Барлықтарыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға береке мен бірлік тілеймін.

Еліміздің аспаны ашық, әрқашанда бейбітшілік болсын. Ендігі ұрпақ соғыс өртен көрмесін деп тілеймін.

Аналар - отбасының берекесі

Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесі «Аналар күні» (мамырдың екінші жексенбісі) мерекесімен толықтырылды.

Аналар күні – әлемнің көптеген елдерінде ананы құрметтеу, аналарға сүйіспеншілігі мен қамқорлығы үшін алғыс айту үшін атап өтілетін маңызды мереке.

Биыл бұл мереке Қазақстанда алғаш рет атап өтіледі және 12 мамырға тұспа - тұс келіп тұр. Халқымызда «Отан отбасынан басталады». «Отан – шағын мемлекет» деген сөздер бар. Сол шағын мемлекеттің ырысын арттырып, берекесін келтіріп отыратын, отбасы ұйтқысы әйел, ана деген құдірет бар. Сондықтан болар, аналарымыз – шаңырақтың алтын діңгегі дейміз. Бүгінгі аналарымыз тек отбасы ошақ қасы емес, жалпы қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықтың шырақшысы. Шынында да, мына жарық дүниеде әйелдің, яғни, аналардың атқарар рөлі – ұшан - теңіз. Ана – ақылшы, тәрбиеші, ана – үйдің береке - ырысы, ел мен елді елдестіруші, дәнекерлеуші, іскер, тіпті қаһарман десек те жарасады.

Ана – тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Ана – бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді деп құрметтейміз.

Құрметті Аналар!

Тіршіліктің тұтқасы – Сіздерде. Үй мен түздің тірлігін түтетіп, қай істің де берекесі мен қай ортаның сәнін кіргізетін Аналарға қандай құрмет көрсетіп, қалай тағзым жасалса да жарасымды.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметті соғыс және еңбек ардагерлері, аудан тұрғындары!



Баршаңызды аудандық мәслихат депутаттары мен қызметкерлері атынан 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесімен құттықтаймын!

Бұл мереке - ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Құрметті ардагерлеріміз болашақ ұрпақ үшін жарқын үлгі болып қала берері сөзсіз.

Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталғанына 79 жыл өтіпті. Зарықтырып жеткен Жеңіс күнінің қадірі бәріміз үшін тым қымбат. Сұрапыл соғыс адамзаттың жүрегіне өшпес жара салды. Ауылда қалған кемпір - шал, бала - шаға зуылдаған оқ пен лапылдаған от - жалынның арасында жүрген бауырына, әкесіне, ағасына сеп болсын деп, бар күш қайратын жұмсады. Тылдағы әрбір күн соғысқа тең еді. Ардагер көрген зұлматты сен көрген жоқсың замандас, сол үшін оны құрметте!

Ұлы Жеңісті жақындатуға абзал арыстандарымыздың майдан даласында, отандастарымыздың тылда қосқан еңбегі өлшеусіз. Ағалардың ардақты ісін бүгінгі күні кейінгі ұрпақ лайықты табыстармен жалғастырып келеді.

Елімізде бейбітшілік, тыныш өмір, береке - бірлік сақталсын! Еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, молшылық және жақсылықтар тілеймін!

Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық Мәслихат төрағасы.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!



ӘКЕ - ШЕШЕМ МАЙДАННЫҢ ОТЫН КӨРГЕН

Әкем Тұрсын Қалимолдаұлы 1923 жылы 23 тамызында туған, орта бойлы, қараторы, қою қасты, томаға тұйық адам еді. Көп сөйлемейтін, бір сөйлесе ашылып сөйлейтін, калжыңдағаны да жақсы көретін. Ол көп жұмыс істейтін, өйткені әкемнің пайымдауынша, ер азамат алдымен өз Отанының азаматы, содан кейін ғана ол - ұл, аға, әке. Сондықтан бес баланың тәрбиесі анамның мойнында болды. «Жақсы жар - жігітке біткен бақ» демекші, анамыз біздің әкеміз үшін үлкен бақ болған адам. Соны жете сезінгендіктен бе балалар үшін сен жауаптысың дейтін анамызға. Бірақ бізге үйде тәртіп орнату үшін әкеміздің қас-қабағы да жеткілікті еді. Өйткені әкеге бағыну - Аллаға бағыну, әкеге қарсы шығу - Аллаға қарсы шығумен бірдей екенін біліп, соны зердеге тоқып өскен ұрпақпыз. Соған сай әкеміз барлық қазақ ер-азаматтары сияқты балаға қамқорлықпен қарады, ұрсу, жазалау дегенді білмейтін. Әкеміз бен анамыз өте жарасымды жұп болды. Әкемнің екі қарындасы бар еді, олар - Тұрар мен Мағрипа. Тұрар апам 1927 жылы туған, марқұм қайтыс болған, Мағрипа 1935 жылы туған, Талдықорғанның жанында Қарабұлақ селосында тұрады. Басқа туыстары жоқ. Әкем де, анам да зиялы әулеттен шыққан жандар.

Әкем марқұм өте шебер адам еді, ең аяғы киім пішу, іс те тігетін. Тіпті, шешеме көйлегін пішіп беретін, етік тігу, радио, телевизор жөндеу де қолынан келетін. Мен ес білгенде әкем ауылда есепші болып қызмет істейтін, ауыл жұмысшыларының еңбекақысын жазатын. Кейін поташы болды, күнара 50 шақырым совхоздың орталығынан салт атпен пошта әкелетін. Қазір ойлаймын - шалғайдағы елге газет - журналды күнде оқу керек пе еді, аптасына бір рет әкелсе де болар еді ғой деп. Жұмысына деген адалдық қой, қысы - жазы, аптап ыстық пен аязды боранға қарамай поштаны күнара 50 шақырым жерден атпен таситын. Оны мен түнімен сұрыптап, әкем әркімнің тапсырған газет - журналын бөліп, ертеңінде әр үйге таратып беретінбіз. Сол кезде ауылдың азаматтары жазылған газет - журналдарды мен түгел оқып шығатынмын. Осы әрекеттер орыс тілін үйренуге, білімімді, ой-өрісімді кеңейтуге көп себін тигізді. Ауыл балаларына қарағанда мақтануыма болады, әлемде не болып жатқанын, елдегі болып жатқан оқиғаларды олардан ертерек білетінмін. Әкем 1942 жылдың мамыр айында әскер қатарына шақырылып майданға аттанып, содан 1951 жылы ғана оралыпты.

Тұйық адам болғандықтан ба, әлде тағдырдың тауқыметін көп тартқандықтан ба соғыс туралы көп айтпайтын, ол туралы киноларды да көрмейтін еді. 18 армияның 40-погранотрядының құрамында соғысқа қатысыпты. Кавказ операциясына, Новороссийскіні, Сталинградты қорғауға қатысқан екен. Майкоп, Гомель, Днепрпетровск, Крым, Севастополь, Ялта, Бахчасарайды азат ету соғыстарына қатысыпты. Осыдан кейін әскери бөлімді қайта жасақтап 3-Беларус майданының 39-армиясының 97-по-

гранотрядына қосыпты. Одан ары қарай Смоленск, Курск, Кенисберг майданында соғысқан екен. Одан ары әскердің азайуына байланысты 39 армияның 24-шекара отрядына қосыпты. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Қызылжұлдыз» медалімен, III дәрежелі Даңқ орденімен, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «За оборону Кавказа», «За боевую заслугу», «За взятие Кенисберга», «За победу над Германией» медальдарымен марапатталған. Тұрсын Қалимолдаұлы Ұлы Отан соғысында көрсеткен батырлығы мен ерліктері үшін Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесінің президиумының 1985 жылдың 11 наурызындағы жарлығымен «Отечественной война II степени» орденімен, тәуелсіз мемлекеттер кеңесінің 1995 жылдың 26 мамындағы шешімімен Кеңес Одағының маршалы Г. К. Жуков медалімен марапатталды. Бұдан басқа әкем «Тридцать лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.» медалімен, «Сороклет Победы в Великой отечесвенной войне.ж медалімен», «50 лет Победы в Великой Отечественной войне Великой Отечественной войне», «60 лет вооруженных сил», «70 лет вооруженных сил» медальдарымен марапатталған. Соғыстан кейін халық шаруашылығына сіңірген адал еңбектері үшін Талдықорған облысының атқару комитеті халық депутаттар Кеңесінің 1984 жылғы 22 Тамыздағы шешімімен және Советтер Одағының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Ветеран труда» медалімен марапатталды. Ұлы Отан соғысының 50 жылдық жеңісінің тойлануына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жеке құттықтауына ие болады. Депутаттар Кеңесінің 1984-жылғы 22 тамыздағы шешімімен және Советтер Одағының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Ветеран труда» медалімен алады. Қазақ ССР-інің Байланыс Министрлігінің 1975 жылдың 16 қазанындағы шешімімен «Победитель социалистического соревнования 1975 года» төс белгісімен, 1994 жылдың 10 наурыз күнгі Украина Президентінің жарлығымен «50 років визволення України» марапатын алған. Бірақ өкінішке қарай соғыс кезінде алған барлық марапаттар түрмеде қалған, артынан қайтарып беру туралы хат жазыпты, бірақ түрме әкімшілігі қайтармапты. 1947 жылы 27 қыркүйек күні белгісіз себептермен Балтық әскери теңіз флотының трибуналының үкімімен сотталып кетіп, 1951 жылы ақталып шығыпты. Бар кінәсі - бір қазақ жігітін қорғаймын деп командирге қарсы шыққан. Алайда Балтық флоты трибуналының 1956 жылдың 25 қазан айында шыққан үкімімен Жоғарғы кеңес Президиумының 1953 жылдың 27 наурыздағы амнистиясына сәйкес сотталмаған болып танылады.

Бір күні әкемнің әскери билетін қарап отырсам соғысқа қатыспаған деп жазылыпты. Неге олай деп ойға қалып, өзінен сұрағанымда майдан жолын бастан - аяқ айтып берді. Мен дереу Қорғаныс министріне әкемнің айтақанын түгел жазып сұрау салдым. Қорғаныс министрлігінен «Ленинград облысының Пушкино қаласында орналасқан НКВД-ның мұрағатына сұраныс жіберіңіздер» деп жауап келді. Аталмыш мұрағатқа хат жазып едік, әкем туралы мәліметтер

түгел келді. Әкем марқұм өзінің түрмеде қалып қойған құжаттарын, марапаттарын қайтарындар деп 27.09.1956 жылы сұраныс хат жіберген екен, бюрократияға салып, құжаттар із - түзсіз жоғалып кетті деп бермеген. Қолында соғысқа қатысты деген құжаттар жоқ болғандықтан, Ұлы Отан соғысының ардагерімін деп кеудесін қақпаған, ардагерлерге арналған ешқандай жеңілдіктерін пайдалана алмаған. 1982 жылы әкемнің барлық марапаттары мұрағаттан келген соң әскери комисариатқа барып бәрін жаздырдық. Енді қараңыздар, әкем 5 жыл қан майданда болып, 5 жылғы өмірін Сталиннің түрмесінде өткізіп елге оралғанда дер кезінде соғыс ардагерінің мәртебесіне ие бола алмағаны өкінішті-ақ. Соғыстан 1951 жылы мүгедек болып оралады. Мүгедек болғандықтан жеңіл жұмыс табу оңай болмапты, біраз жыл картограф, есепші, гуртоправ сияқты еңбекақысы төмен жұмыстармен айналысқан.

Бруцеллез ауруы әкемнің орталық жүйке жүйесін зақымдауына байла-

нысты 2,5 жыл жұмыссыз болған, дәрігерлердің сараптау қортындысына байланысты жұмысқа жарамсыз деп танылған. Осыған қарамастан бюрократияға салып әкеме I топтың мүгедегі деп танылмай, III топқа жатқызылған, шипажайларда емделуге жолдама да бермеген. Осының бәрін жазып, сол кездегі Кеңес Одағының Жоғарғы кеңесі Президиумының төрағасы К.Е. Ворошиловқа шағым арыз түсіреді. Ворошиловтың көмегі тиді ме, тимеді ме белгісіз, бірақ сол арыз менде сақтаулы. Осыған қарап әкемнің тұрмысы өте төмен болғанын, бізді асырау өте қиын болғанын түсінемін. Осындай қиындықтарға қарамастан анам екеуі бес баланы ел қатарына қосты.

Анам Өтелбаева Калипа 1920 жылы Сарқан қаласында туған, ақсары келген сұлу адам еді, көзі көк, орысқа ұқсайтын.

Менің анам да Отан соғысына қатысқан, 2 Украина фронтында санитар болып, талай жауынгерлерді майдан даласында аман алып қалған екен. Бірақ шешем ешқашан соғыс туралы шешіліп ештеңе айтпаған, осының бәрін енді ғана сіңлісі Нұрсарадан біліп жатырмыз. Осы сөйлемдерді жазып отырғанда көз жасыма ерік бердім, өткен өмірі келте болып, ерте кетті. Анаға деген сағыныш ешуақытта толастамайды екен. Өкініш кө... Ең басты өкініш - анамның жанында ұзақ бола алмай, Талғарға көшіріп әкеле алмағаным. Менің бүгінгі жетістіктерім мен тірі жүргенім, әуелі Алланың, сосын анамның ақ батасының арқасы шығар.

Анам ауылда сыйлы адамдардың қатарында еді, ауылдастар басына іс түскенде шешемнен келіп ақыл-кеңес сұрайтын. Анам мені қатты еркелететіндіктен мақтап, елге «менің балам - Райком» деп жүреді екен. Кезінде Талғар ауданының кәсіподақ комитетін басқарғанда анамның сол ақ ниеті, асыл арманы орындалған шығар деп ойлаймын.

Негізі біз сонау сұрапыл соғыстан кейінгі қиын кезде еңбекпен есейген ұрпақпыз. Жаз бойы жұмыс істеп 300-350 рубль еңбек ақы алатынбыз, ол кезде бұл көп ақша еді. Осы ақшамызға шешеміз оқу құралдарын, киім-кешек алып беретін. Жазғы жұмыстан 10 саныпты бітіргенде ғана құтылдық. Сонда бізде қазіргі балалар сияқты жазғы демалыс деген болмапты, бірақ өкініш жоқ, есесіне тірлікке тұтқа болар мықты тәлім - тәрбие алып өстік.

Енді осы әке - шешем туралы естелік әңгімемді Ұлы Жеңіс күніне орай арнайы жазып отырмын. Бұл әңгімем негізі өткен жылы жарық көрген "Өмір өткелдері" атты жинақ кітабымының ішіне енгізілген болатын. Алайда ауыл тұрғындары аудандық "Ақсу өңірі" газеті арқылы оқып, сол кісілерді естеріне алсын деген оймен жариялап отырмын.

Бүгінде осы әке шешемнің аруағы риза болсын деп, туған ауылыма титтей де болсын көмегім тисін деп таллай шаруаға атсалысқанымды ауыл тұрғындары жақсы біледі.

Жұмағали КЕБЕКБАЕВ.



ЕЛ НАМЫСЫ - ЕРГЕ СЫН

Отан қорғау - азаматтардың бір басындағы көп борышының ішіндегі аса қасиеттісі әрі киелісі.

Мемлекеттің негізгі сүйеніші, тірегі ол - Әскер. Сондықтан әскер қай уақытта болса да бірінші орында тұруы керек. Президентіміздің тәуелсіздікті нығайту, кешегі ата - бабаларымыздың ерлік жолына адал болу жөніндегі әңгімелері ең алдымен елдің Қарулы Күштеріне тікелей қатысты. Тәуелсіздікті қорғау, оның берік сақшысы, қуатты қорғаны болу бүгінгі ел жауынгерлерінің алдындағы үлкен міндет.

Осыдан 31 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Тәуелсіз мемлекетіміздің төл Қарулы Күштерін құру туралы жарлыққа қол қойған болатын. Өткен уақыт ішінде еліміздің басты құндылықтары - бейбіт өмір мен тыныштықты, өркендеті елдер қатарында қарыштап дамуың алып қадамдарын жасап келе жатқан мемлекетіміздің әскери қауыпсіздігін қамтамасыз ету жолында талай іс атқарылды.

Кәсіпқой армияға аяқ басқан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жауынгерлік дайындығы, әскери тәртібі, жеке құрамның моральдық - психологиялық жағдайы жоғары деңгейде болуы әскери қызметшілердің Отанды қорғауда қаншалықты дайын екендігін көрсетуге тиіс.

Бүгінгі сарбаздарымызда патриоттық сезім, отансүйгіштік қасиеті айрықша екенін атап айтқан жөн. Бұл қазақ елінің болашағы жарқын, халық ертеңінің тұтқасы осы сарбаздар қолында болса, онда биіктегеніміз, қанатымызды кеңге жайғанымыз, күн астындағы бүркіттей алысқа самғағанымыз деп білуіміз керек.

Біздің әскери қызметшілер жоғары кәсіби даярлық, үйлесімділік пен жауынгерлік дағды үлгісін көрсетуде.

Тәуелсіз еліміз төл армиясы қатарында қызмет ету - үлкен құрмет. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметшілерді және жеке құрамын Отан қорғаушылар күнімен, Қазақстан Қарулы Күштерінің 31 жылдығымен құттықтаймын. Сіздерге мықты денсаулық, Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы қызметте биік табыс-тар тілеймін.

Дәурен КИРГАБАКОВ,
аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.



Анаға тағзым, анаға құрмет – ұрпаққа міндет

АНАЛАР КҮНІ!

1. Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесі «Аналар күні» (мамырдың екінші жексенбі) мерекесімен толықтырылды. Аналар күні-әлемнің кептелген елдерінде ананы құрметтеу, аналарға сүйспеншілігі мен қамқорлығы үшін алғыс айту үшін атап өтілетін маңызды мереке.

Аналар күні мамыр айының екінші жексембінде АҚШ, Канада, Германия, Италия, Бельгия, Дания, Финляндия, Эстония, Туркия, Жапония, Бразилия, және Австралияны қоса алғанда 20-дан астам елде атап өтіледі. Бірқатар басқа елдер бұл мерекені бөлек күндерде ата өтеді.

2024 жылы бұл мереке Қазақстанда алғаш рет атап өтіледі және 12 мамырға тұспа-тұс келеді.

Аналар мерекесіне байланысты 10.05.2024 жылы сағат: 10.00 Желтоқсан, 5 көшесінде орналасқан ғимаратының бірінші қабатында «Әлеуметтік қызметкерлердің кабинетінде, «Жалғызбасты аналарды», «Өмірлік қыйын жағдайға тап болған аналарды» қолдауға арналған қайырымдылық акциясы ұйымдастырылады.

2. 10.05.2024 жылы сағат: 15.00-18.00 дейін аналарға психологиялық кеңес беру үшін ашық есік жариялады.

М.ОМАРОВА,
ЖҚӨББ бөлімше меңгерушісі.

АНА - ҚАСИЕТТІ ДЕ, КИЕЛІ ЕСІМ

Құрметті Ақсу ауданының асыл жанды аналары, Сіздерді 12 мамыр Аналар күнімен құттықтаймын! Ана – әлемнің шамшырағы, бесіктің иесі, өмірдің керегесі. Анаға қанша тілек, қанша мақтау мен алғыс айтсақ та, аз емес. Мейірім шашқан нұрлы жүздеріңізді мұң шалмасын, көңілдеріңізге ешқашан кірбің түспесін. Немерелеріңізді қызығына баытып, шөберелеріңіздің қолынан су ішіп, шөпшек көруді нәсіп етсін.

Ана жайлы ойымды, айтып тауыса алу мүмкін емес. Өркімнің өз анасына деген махаббаты шексіз. Мен де анамның маған сыйлаған мәнді өмірі үшін алғысымды айта отырып, өз ойымды аз да болса жеткізгім келеді. «Ана»



дегенде толқымайтын жүрек, толғанбайтын жан жоқ. Осы үш қана әріптен тұратын «Ана» сөзінің астарында теңіз сияқты терең ой жатыр. Ана – әрбір адам

баласы үшін ең ыстық, жанға жақын, мағыналы да қастерлі сөз. Адамзат баласы алғаш дүние есігін ашқанда ананың ақ сүтімен бойына нәр алады, ана құшағына еніп, ана мейіріміне бөленеді. «Анаңды Меккеге үш арқалап алмасаң да, қарызыңды өтей алмайсың», - деп бекер айтпаған. Шынында да, осыншама қиналып, көз жасын төге жүріп, бізді өсірген анаға қолыңнан келгеніңнің бәрін істесең де, оның бәрі анаңның тұн ұйқысын төрт бөлген бір күніндей ғана. Өз парызыңды өтеу, бұл – ана алдындағы парызыңды өтеу. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Алма ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Ақсу ауданының Аналар кеңесінің төрайымы.

АДАМ ӨМІРІ АНАДАН БАСТАУ АЛАДЫ

Адам өмірі анадан бастау алады. Ананы құрметтеу мен оның ұлылығына бас ию – әрбір саналы жанның ардақты борышы. Адамзатқа әлемнің жарығын сыйлаған ана алдында бәріміз де бас иеміз. Бүгінде ұрпақ өсіруімен қатар, ел еңсесін көтеруде өз үлестерін қосып келе жатқан қазақ әйелдері қандай құрметке болса да лайық.

12 мамыр - Аналар күні қарсаңында жазылған бұл әңгімеміздің кейіпкері Дүйсембина Мәрия апамыз осындай құрметке лайық жан. Үйдің атасы Ибраимов Қаулыбек атамыз адал, қамқор ата, еңбекқор жан болған. Өмір бойы астық қабылдау мекемесінде төрағалық еткен. Өмірден озғанына 7 жыл болды. Атамыз бен апамыз 5 бала тәрбиелеп өсірген. Бәрі білімді, өз орындарын тауып, қазір үйлі - баранды. Мәрия апамыз өзі 45 жыл еңбек етіп, ауданға еңбегі сіңген ардагер. 20 немере, 9 шөбере көріп отыр. 6 немересі Сыдықов атындағы мектептің Алтын медаль иегерлері, қалған немерелері де қызыл аттестат-

пенен бітірген, барлығы жоғарғы оқу орнына грантка түсті, Сәтбаев, ҚазНуды, т.б. бітіріп жатыр. Қолында бірге тұратын келіні, аудандық емхана медбикесі Ибраимова Гүлнар екеуі ауданның іс - шарасына қатысып Бас жұлделерді иеленіп, «Супер ене», «супер келін» атағын жеңіп алған, Жанындағы ұлы Ерлан қара шаңырақ иесі. «Осылар жақсы аттан таймай ұлағатты отбасы болса екен, Ел - жұртымыз аман болып, ауданымыз көркейе берсін», - деп тілейді ғазиз ана.

Ербол СЫМХАНОВ.



АНАҒА ТАҒЗЫМ!

Кенесары Аружан Талапқызы 2003 жылы 3 қазанда Ақсу ауданы, Матай ауылында дүниеге келді. 2010 жылы Ақсу ауданы, Матай ауылында, Матай орта мектебіне 1 сыныпқа барды. 2016 жылы Алакөл ауданы, Лепсі спорт интернатына түсті. 2019 жылы Талдықорған қаласындағы Жақсылық Талдықорған атындағы Талдықорған қалалық олимпиадалық резервтегі облыстық мамандырылған мектеп - интернат колледжіне ауысты.

2021 жылы 11 сынып оқып жүрген кезінде, Өзбекстан мемлекетінде Азия чемпионатында самбо күресінен II орын алып, күміс жүлдегері атанды. 2021 жылы қыркүйек айында Алматыда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне оқуға түсті.

2022 жылы Араб мемлекетінде Ливан қаласында спорттық самбо күресінен Азия чемпионатының күміс жүлдегері

атанды. 2022 жылы Тараз қаласында жастар арасында спорттық самбо күресінен ҚР Чемпионатында жеңімпаз атанды.

2023 жылы Қазақстанда Астана қаласында өткен Азия чемпионатында жауынгерлік самбодан Азия чемпионатында алтын медаль ұтып алды. 2022 жылы Ресей мемлекетінде, Москва қаласында өткен Әлем кубогында III орын иегері болды. 2023 жылы қыркүйек айында ҚР Ұлттық спорт түрлерінің VI - фестивалында қазақ күресінен әйелдер арасында қола жүлдегер. 2024 жылы сәуір айының 18 - 21 аралығында әйелдер арасында жауынгерлік самбо күресінен ҚР Чемпионатында 72 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанды.

Осындай палуан аруды өмірге әкеліп, тәрбие берген анасына мың алғыс, мың тағзым.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

АЛЫП АНАДАН ТУАДЫ

«Алып анадан туады», - дейді халқымыз. Кешегі қазақтың біртуар палуаны Қажымұқан атамызды өмірге әкелген анасы құдыққа түсіп кеткен бұқаны мүйізінен көтеріп шығарғаны аңыз болып қалғаны шындық. Дүниеде анасыз адам жоқ. Ана – барлық өмірдің бастауы.

Ана болу – тек дүниеге бала әкелу ғана емес, ол бала тауқыметін налымай көтеріп, перзентіне саналы тәрбие бере білу. Әр баланың анадан күтері көп. Ең бірінші, сәби анадан мейірім, жылылық күтсе, есейе келе ана тарапынан қолдау, өмірде кездескен әр сұрағына жауап күтеді. Бала дегеніміз – болашақ. Ал, әр ана өз баласын өсіре отырып, ұлттың да болашағын тәрбиелейді. 12 мамыр – аналар күні мерекесі қарсаңында перзенттері ел мақтанышына айналған ақ жаулықтылар туралы мақтанышпен айтып, алғысымызды білдірсек. Осындай аналарымыздың бірі, баласы «Еркін күрестен» Қазақстан чемпионы болған Райымқұлова Әсел Әлімқызы.

Әсел Әлімқызы 1976 жылы қаңтар айының 2 жұлдызында дүниеге келген. Ақсу ауылының тұрғыны, қазіргі таңда Ақсу ауылдық кітапханасының кітапханашысы. Чемпион ұлы Ерасыл Мұхтарұлы 2001 жылдың тамыз айының 10 жұлдызында дүниеге келген. Отбасында үшінші бала, алдында ағасы,

әпкесі бар, артынан ерген інісі бар.

2012 жылдан бері Талдықорған қаласында оқиды, 2013 - 2014 жылдардан Талдықорған қаласындағы дарынды балаларға арналған спорт-интернатта оқиды.

Ерасыл еңбекқор, бауырмашыл, тіл алғыш, сыпайы, бәрінің жағдайын ойлап жүреді.

Енді Ерасылдың жеткен жетістіктеріне тоқталайық. Қазақстан Республикасының чемпионатында 2023 жылы U23 - I орын, Сол жылы Албанияда өткен халықаралық турнирда - II орын, Азия чемпионатында U23 - II орын, ТМД ойындарында тағы да II орынды иеленді.


Әбілсейіт Айханов атындағы Республикалық турнирде топ жарып I - орын алса, Әлем чемпионатында U23 - V орынға табан тіреді. Өткен жылы тағы да Д.Қонаев атындағы халықаралық турнирде жүлделі III орынды қанжығалады.

Ерасылдың биылғы жетістігі ақсулықтарды тағы да қуантып тастады. Қазақстан Республикасының чемпионатында ересектер арасында - I орынды иеленіп, осымен екі дүркін Қазақстан чемпионы атағын алды.

Осындай ұл тәрбиелеген анаға алғыс.
Ержан ТОҒАСОВ,
аудандық ішкі саясат, спорт, мәдениет және тілдер бөлімінің спорт саласы бойынша маманы.



АҚЫННЫҢ ТУҒАН КҮНІНДЕ



ша үлгілерінің дүниеге келуіне өзіндік үлес қосқан жаңашыл қаламгер болғандығын әдебиет тарихы жоққа шығармайтынын айтты.

Сондай – ақ, заманның бір туар

Жансүгіровты оқып, біліп жүру, насихаттау – барлығымыздың тікелей міндетіміз.

«Өз елі, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді...», - деп жырлаған Ілияс Жансүгіровтың 130 жылдық мерейтойы құтты болсын! – деп қорытындылады.

Негізі біздің ауданда балақшалардан бастап, мектептерде «Ілиястану» пәні бірнеше жылдардан бері жүргізіліп келе жатыр. Соның дәлелі ретінде «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының кішкентай бүлдіршіндері бал тілдерімен ақын өлеңдерін жатқа орындаса, мектеп оқушыларымен қатар «қобызшы Молықбай» атындағы және «Ақын Сара» атындағы мәдениет үйінің қызметкерлері Ілияс Нұрланбеков пен Жасұлан Кітапиянов ақын өлеңдерін мәнеріне келтіріп оқып шықты.

ЕҢСЕБАЕВА САБИЛА ЕҢСЕБАЙҚЫЗЫ - Сарқан ауданы, Қарабөгет елді мекенінің тұрмасы. 1948 жылы 01 маусымында туған. Жамбыл қаласында арнаулы орта білім алып, еңбек жолын бастаған. Бес баланы өсіріп, тәрбиелеген ардақты ана, «Ақсу ауданының Құрметті азаматы». Өз заманында жұбайы, мәдениеттің еңбек ардагері, «Ақсу ауданының құрметті азаматы» Шеге Елубаевпен бірге отбасылық ансамблін құрып, «Халықтық» атағын алып, қазақ мәдениетінің дамуына қомақты үлес қосқан мәдениет саласының ардагері. Отбасы ансамблінің қайталанбас жоғары колораторлық дауысына ие солисті, отбасының жеке



ТАРИХТАҒЫ ӘУЕЗДІ ҮН

концерттері «Қазақстан» телерадио корпорациясының «Алтын қорында» сақталған. Отбасында бала тәрбиесіне үлкен мән бере отырып балалардың дені бір емес екі жоғары білімнен алуына, еліне адал қызмет етуіне тәрбиелен.

Жас кезінен өнерге бейім, шығармашылығын шындап өскен Еңсебаева Сабила отбасымен бірге Ақсу, Сарқан, Алакөл, Кербұлақ аудандарында қызмет жасап бүкіл Жетісу мен Республика аумағында концерттер мен халық театрларының қойылымдарын қойып ел аралап тұрғындарға рухани қызмет көрсеткен өнер майталманы.

1982 жылы 5 сентябрь күні Республикалық көгілдір экраннан берілген жеке концертті жерлестерге рух беріп, ісі қазақ баласына төл өнердің құдіреті мен қасиетін сездірді. Тоталитарлық заманның қыспағына бой бермей «қазақ үнін» әнге қосып, ұлттық аспапты жарқ еткізігені сол заманға төн ерлік еді. Одан кейін де көгілдір экранда жеке концерттері беріліп тұрды.

Баласы атқа шапса анасы үйде тақымын қысады деген сөз тегін

рих қойнауына енді. Сабила апа туған балаларына ғана емес, барлық өнерге тартылған жастарға қамқор болып, өнердегі екінші анасы болған адам екенін көзкөргендер айтып жүр. Осындай жүрегі кең, аналық мейірімі мол асыл жандар, Сіздерге мың рет алғыс айтып арамызда жүре берсін деп тілейміз.

Ақылды әйел ішінде, алтын бесікті ұл жатар демекші Тұңғышы Нату Елубаев 16 жасында «Жастар сыйлығының лауреаты» атағын алған. Өнер сахнасында от болып лаулаған ұлы кенеттен 20 жасында өмірден өткен еді. Өмір заңдылығына мойымады, қалған балаларын көздің қарашығындай қорғап, өмірге баулыды.

Қазіргі таңда отбасындағы үлкені саналатын қызы Айна ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызметті атқарып оның ішінде ауданның мәдениеті мен тіл бөлімін басқарған білікті маман иесі ретінде танылды.

Тұңғыш немересі Арай да екі жоғары білім алып киелі сахнаны бағындыруда.

Ұлы Дара Астана қаласында кәсіпкер. «М.Телебаев



СУРЕТТЕ: Өмірі өнермен өрілген, өнерлі отбасының анасы Сәбилә Еңсебайқызы және Елубаевтар жанұялық ансамблі.

айтылмаған. Балалары өнердің алдын бермеген өнерпаз болып өсуіне ананың ықпалы мол. Ізін басып келе жатқан ұрпағы халық қошеметіне бөленген сәтінде балалақ сәтін еске алып, осындай құрметке бөленуімізге ана тәрбиесінің балаға деген махаббаты мен түн ұйқысын төрт бөлген зор еңбегі екенін мойындап жүрері сөзсіз.

Өнерге келген жас мамандар мен өнер сүйген көркемөнерпаздарды да өз баласындай ана мейірімен тәлім беріп, өнерге баулыған жан екенін көзіміз көрді.

Сонау 94-95-ші жылғы ауыспалы қиын заманда өнерге мойын бұрған жастардың басын құрап жұбайы Шеге ағамен бірге аудан аумағын сахналық қойылымдармен аралап, концерт қойып, халыққа қуаныш сыйлаған күндер бүгінде та-

атындағы» Республикалық әншілер байқауының 2 дүркін лауреаты. Ақмола облысының 90 жылдығының мерекелік медалмен марапатталған.

Қызы Арна заң-құқық, денсаулық сақтау саласының маманы.

Қызы Арда Ақсу аудандық мәслихатының депутаты болған, үздік мәдениет қызметкері. Төрт жасында қазақтың жыр-дастандарын жатқа айтқаны да отбасы тәрбиесінің көрінісі болар. Әншілік, актерлік, режиссерлік біліктілігімен қоса ақындық, композиторлық шығармашылығын шырдауда. Аудан мәдениетінің өркендеуі жолында тер төгіп келе жатқан жоғары білімді маман.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
«Ақсу өңірі» газетінің
директор - бас редакторы.



өмірбаянында «Менің жылымды «жылқы» дейді, онысы 1894 жыл болатын. Жазға салым туыппын. Ел ішінде туған ай, күнді, сағатыңды қайдан табарсың. Анамды аз білемін, төрт жасымда жетім қалдым. Әліпбиден әкем өзі оқытты. Менен басқа бала оқытқан кісі емес. Тек қыстың ұзын түндерінде білтелі шамның жарығында бір шыбықты ала отырып, мені тізеге алушы еді», - деп жазған екен.

Ал, бүгінгі ізденуші, тарихшылардың болжамы бойынша туған күні 5 мамыр деп жазылған. Атамыздың туған күніне орай аудан орталығындағы алаңда орналасқан ақын ескерткішінің алдында салтанатты шара өтті.

Алдымен ақын атамызды бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткіш алдына гүл шоқтары қойылды.

Алғашқы сөз кезегі аудан әкімінің орынбасары Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызына беріліп, атамыздың бала кезіндегі естеліктерін сөз арасына қоса отырып, көлемді баяндама жасады.

Күләйхан Тұрсынбекқызы өз сөзінде: - Ілияс Жансүгіров нағыз жан - жақты дарын иесі. Ол – қаламынан түрлі жанрда тамаша туындылар шыққан, қазақ әдебиет өнерінде өшпес із қалдырған үлкен қаламгер. Өз халқының әдебиетінің іргесін қалап қана қоймай, оның өміршеңдігін нақты өлмес туындыларымен байытқан талантты суреткер. Қазақ жеріндегі аласапыран төңкеріске дейін, негізінде, ауыз әдебиеті ғана дамыған қазақ даласында поэзияның, прозаның, драматургияның, аударма, балалар әдебиеті мен журналистиканың тама-



жазушысы Фабиден Мұстафин, Мұхтар Әуезов, әдебиет сыншылары Сағат Әшімбаев. Бақыт Сарбалаұлының атамыз туралы айтқан толқынды сөздерін дәлел ретінде келтіре отырып, сөз соңында қазақ поэзиясының құлагері, жерлесіміз Ілияс

Ілияс атамыздың 130 жылдық мерейтойы әлі алдымызда облыс көлемінде үлкен ас, үлкен той болып аталып өтеді. Бұл тек бастамасы ғана.

Ербол СЫМХАНОВ.

МАТАЙ БӨРІБАЙ БАТЫРҒА - 330 ЖЫЛ! ҚҰЛАГЕР АҚЫН ІЛИЯСҚА - 130 ЖЫЛ!

ҰЛЫЛАРҒА АРНАУ

Қазақтың байтақ жерінде,
Үш Матайдың елінде.
Бөрібай мен Ілияс –
Айналған елдің еріне.
Елі сыйлап екеуін,
Шығарған әркез төріне.
330 – ға толған батыры,
130 – ға толған ақыны.
Бөрібай менен Ілияс –
Олардан жоқ жақыны.
Бірі елін қорғаған,
Бірі ертеңін ойлаған.
Матайдан шыққан қос алып,
Ғасырларға бойлаған.

Қазақтың жерін аңдысқан,
Жау көп еді жан – жақтан.
Бір жағынан Жоңғарың,
Бір жағынан Ойратың.
Шауып алып қаақты,
Қойға ұқсатты қайратын.
Мына жақтан татарың,
Мына жақтан ноғайың.
Қазақты қан қып шаббатын,
Тыңдамай елдің «Ойбайың»
Мына жақтан келсе Орысың,
Мына жақтан келген Қытайың,
Қазақ түссе қолына,
Айдаһардай жұтайың.

Бір – біріне қосылмай,
Қазақ жүрді осылай.
Бара – бара қазақтың,
Амалы түгел таусылды – ай.
Әліде батыр Бөрібай –
Жақсыдан күдер үзбеді.
Ел – жұртын сақтап қалатын,
Құтты жерді іздеді.
Соңына елін ертіп аап,
Сарысуға енеді.
Анталаған жауларға,
Батыр елін бермеді.
Ертіп алып жасағын,
Талай ерлік жасадың.
Матайдың қолын бастады,
Жауынан ешбір қашпады.
Жауын көрсе өлтіріп,
Білмеді онан басқаны.
Қолына қылыш, қалқанды ап,
Кеелген жауды талқандап.
Жау жолатпай еліне,
Қалды елін солай аман ап.
Жасайық үлкен ерлікті,
Деп қазағың бірікті.
Хан орда тігіп ортаға



Жасайық деді тірлікті.
Естіген қазақ жиылды,
Бір Аллаға сыйынды.
Жан - жақтаан келген жауларға,
Жасайық деді тыйымды
Абылай хан өзі басқарды,
Өзі жасап жоспарды.
«Елім болса бірлігің»,
Аламыз деді асқарды.
Ханына қазақ ереді,
Жауына соққы береді.
Бөрібайдың айқасын,
Абылай хан да көреді.
Ер десе – нағыз ер еді,
Бөрібай десе – бөрі еді.
Матайға содан ұран қып,
Бөрібай атын береді.
Матай елі әлі де –
Бөрібайлап келеді.
330 жыл болған Бөрібай –
Ел аузында жүреді.
Ел аузында жүрген соң,
Батырың қалай өледі.

Ілияс ақын туған жер,
Осы Ақсудың жері еді.
Жетісудай сұлу жер,
Ақынға шабыт береді.
Туған жерін суреттеп,
Өлеңі шықты түйдектеп.
Ақыны болды елінің,
Ақыны болды жерінің,



«Құлагер» ақын атанды,
Елінің ақтап сенімін.
«Даланы» жазды тынбастан,
Бұл да болды шын мақтан.
«Күйшіні» жазып тағы да,
Молықбай шалдың таңы атқан.
«Құлагер» келді тағы да,
Қазақтың шын бағына.
Елі – жұрты қауышты,
Өлеңдермен сағына.
Көргенін жазды суреттеп,
Бағалады ел құрметтеп,
Ақынға нағыз айналды.
Ойынан шықты жыр көктеп.
Жазушылар одағын басқарды,
Тәрбиелей берді жастарды.
Жастарға сенім артты ол –
Алсын деп жастар асқарды.
Жазушылар одағы,
Талайларды сомдады.
Ілияс болып төраға,
Құдай жолын оңдады.
Бейімбет, Сәкен құрдасы,
Нағыз жақын сырласы.
Үш бәйтерек сол кезде,
Болған ғой нағыз жыр басы.
Беделді болды еліне
Қызмет етті жеріне
Оқығандар сол кезде
Сталиннің түсті көзіне
Әле болды сорына
Шам алып түсті соңына

«Халық жауы» атанып
Абақтының түсті торына
Ақпын деп ол ойлады
Тергеді бірақ қоймады
Қинаса да қу жанын
Адамшылығын жоймады
Жауыздар көзі алақтап
Азаптады таяқтап
Сабады есін жиғызбай
Көк бөрідей жалақтап
«Мойында», - деді, «айт», - деді
Таяқтап маза бермеді
Халықтың нағыз ерлері
Жендеттің сөзіне ермеді
Сыртынан жауып жаланы
Қол қойғызып алады
Таяқтады тынбастан
Болмады басқа амалы
Ату жазасын бұйырып
Қапсаға мықтап қамады
Қорықпады ақын өлімнен
Айырлмады сенімнен
Тік ұстап басын имеді
Үміт күтті туған елінен
Биылғы жылы ағайын
Сүйіншілеп шабайын
Туған жылын екі ердің
Жақсылыққа балайын
330 жылы толып батырға
130 жыл толып ақынға
Болады енді ұлы той
Сол тойға қарай жақында
Бірі батыр, бірі ақын
Еліне болды тым жақын
Ұлы тойды жасайын
Ұрпаққа болсын ең жақын
Ұрпағы жүрсін ұмытпай
Есіне алып ұлықтай
Елінің екі ұлысын
Жүректерінен суытпай
Болашақ үшін жан берді
Ұрпақтарына дем берді
Бірі жерін қорғаса
Бірі жыр мен ән берді
Ұмытпайған ешқашан
Аңыз болған екі ерді
«Құлагерді» берсе біреуі
Біреуі берді кең жерді
Енді тойды тойлатып
Еске алайық екі ерді
Белгілі ғой олардың
Еліне сіңген еңбегі.

Нұртілеу БАТҚАЛБЕКОВ.
Арасан ауылы.

ТҰЛЛАР МІНІП, ТУ ҰСТАҒАН ДАРА БАТЫР



Қай елдің тарихында болмасын көрнекті тұлғалар сол елдің тарихындағы аумалы - төкпелі кезеңдерде, сын сағаттарда, қиын - қыстау күндерде өзінің халық алдындағы тарихи міндетін абыроймен орындап, есімін келешек ұрпаққа үлгі - өнеге етіп қалдырды. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар - қатпар белесінен байқасақ, ежелден-ақ ру - тайпаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмай, шыбын жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша күрескен жауынгерлік істері бізге аманат болып жеткен.

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін фибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары, Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған.

Сондай ірі тұлға, батырларымыздың қатарында есімі найманның матай руының ұранына айналған, жоңғарлардың жойқын жорықтары салдарынан ел басына түскен ауыр күндерде елдің бірлігін сақтап қалған, жауларымен болған шешуші бір шайқаста нағыз ерлерше қаза тапқан, матай Бөрібай батыр ерекше орын алады.

Ақсу жерінің қасиетті топырағынан туған, көптен дара тұрған, еліне қорған болған ел азаттығы үшін күрескен Бөрібай батырдың туғанына 330 жыл толуына арналған кітапханада өткен «Тұлпар мініп ту ұстаған дара батыр» атты шараның өту барысы Бөрібай батырдың өмірі мен ерлік жолын бүгінгі ұрпаққа жеткізу. Оқырмандар «Матай Бөрібай батыр» кітабынан өлкетанушы Жемісбек Толымбековтың «Ер Бөрібай» арнауынан үзінді оқыды. Бөрібай Сарыұлы бабамыз туралы жазылған өмірі мен аңызға бергісіз ерлігіне, тарихи тұлғасына қатысты әдеби- тарихи туындылармен танысты.

Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңге жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенін білсе екен дейміз. «Ер есімі – ел есінде» дегендей, ел үшін жанын құрбан еткен ерлердің есімі ел жадында мәңгі сақталары сөзсіз. Бөрібайдай батыр бабамызды ұлықтау - біздің парызымыз. Батырлар ерлігі ұмытылмайды.

Б.ӘБІЛХАМИТҚЫЗЫ,
аудандық балалар
кітапханасының меңгерушісі.



ЖЫР ҚҰЛАГЕРІ

Қазақ әдебиетіне өзіндік үлкен үлес қосып, қаламынан туған қарымды дүниелерін қалдырған қазақ ақыны, драматург, прозаик, фелъетоншы, сатирик, журналист, аудармашы және қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің «130 жылдық мерейтойына орай Қопа ауылдық кітапханасы «Жыр құлагері» атты Ілияс оқуларын өткізді.

Байқауға Шоқан Уалиханов орта мектебінің 5, 6, 7, 8, 9-сынып оқушылары қатысты. Аудандық кітапхананың директоры Э.Дүйсекова сөз сөйлеп кішкентай оқырмандарға сәтті қадам тіледі. Байқаудың бірінші кезеңінде қатысушылар ақынның өлеңін мәнерлеп, жатқа оқыса, екінші кезеңінде ақынға өз дері шығарған арнау өлеңдерін жырлады. Үшінші кезеңде ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы әділ қазылардың қойған сұрақтарына жауап берді. Ақынның өлеңдері мен арнауларын мүдірмей, жоғары деңгейде орын дап шыққан кішкентай оқырмандардың өнерін әділ қазылар алқасы бағалап, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Н.Есенбекова жеке – жеке тоқталып өтіп, аудандық кітапхана директорының орынбасары Ш.Сүлейменова жүлделі орындар мен сыйлықтарын табыстап, марапаттады. Байқау нәтижесін де I орынды

Ш.Уалиханов орта мектебінің 5-сынып оқушысы Азанхан Әділ жан, II орынды 7-сынып оқушысы Қуанышбай Іңқар иеленсе, III орынды 7-сынып оқушысы Азанхан Ажхан мен 5-сынып оқушысы Сыдық Инжу иеленді.

Шара соңында кітапханамыздың демеушісі Сартбаев Самат Жұманұлы сөз сөйлеп, кішкентай оқырмандарға ризашылығын білдірді. Сонымен қатар кітапханамыздың демеушісі Имандусан Мұқатай Әлімжанұлы сөз алып, кітапты көп оқу керектігін айта келе кітапханамызға Мұрат Иманғазиновтың I.Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығына сурт шертетін 20 томдық кітабын сыйға тартты.

Ақ жаулықты әжелер атынан кітапханамыздың тұрақты оқырманы Алмағанбетова Сарқыт апа сөз сөйлеп, кішкентай оқырмандарға ақ батасын берді. Байқаудың соңында ауыл кітапханашысы Мархабат Әсетқызы келген қонақтар мен оқырман қауымға, қатысушыларға алғысын айта келе М.Егінбаевтың «Үш алып» әнімен аяқтады.

Мархабат ӘСЕТҚЫЗЫ,
Қопа ауылдық кітапханасының
кітапханашысы.

Дарындар дараланды



2 - 3 мамыр күндері Астанада Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен, «Астана дарыны» дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау орталығы, «Robotek» робототехника мектебінің ұйымдастыруымен «Robotek Grand Tournament 2024» робототехникадан оқушылар арасындағы халықаралық чемпионатына ауданымыздың командасы, Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының оқушылары Бекжан Мұхтарбек пен Роман Проняков жүлделі орын алып, арнайы кубокпен марапатталып қайтты. Балкерлері: Алпамыс Қазбанбетов, Нұргүл Тоғасова.

Өткен жылы 28 қазанда Астана қаласында «Конгресс - центр EXPO» ғимаратында өткен «NNEF public foundation 25 years anniversary» республикалық «IT FEST 2023» робототехника бойынша жарыста 6 «Б» сынып оқушылары Сатыбалды Ерасыл, Марат Айлана жүлделі II орын иеленген болатын.

Биылғы чемпионатта 122 командалар арасында «Үздік ауыл командасы» бойынша арнайы орынға ие болған Vertu командасын жеңістерімен құттықтаймыз.

Ербол СЫМХАНОВ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ - ӨМІР САПАСЫ

Мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі олардың мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы мен жеделдігі болып табылады. Мемлекеттік қызметтерді көрсету жүйесі тұтынушының мүдделеріне көбірек бағытталуы тиіс, сондықтан бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің маңызды міндеті — оларды көрсету сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «мемлекеттік қызмет» - бұл көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды немесе олардың жиынтығын іске асыру нысандарының бірі.

Бүгінгі таңда елімізде мемлекеттік қызмет көрсету саласын дамыту және мемлекеттік аппарат жұмысын ақпараттандыру, шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланысын қысқарту және сыбайлас жемқорлық



құбылыстары үшін жағдайларды азайту бойынша кешенді шаралар қабылдануда. Мемлекеттік қызметтерді алу рәсімі неғұрлым жеңіл және ашық болса, сыбайлас жемқорлық деңгейі соғұрлым аз болады.

Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган тұлғасында адамдар мемлекеттің қамқорлығын сезінеді.

Осы бағыттағы халықпен жұмыс істеудегі маңызды қағидаттардың бірі - сыпайылық, жеделдік және объективтілік.

Гүлжан СУГРАЛИНА,
Қарасу ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман - іс жүргізушісі,
«AMANAT» партиясының мүшесі.

"СОТ КАБИНЕТИ" электронды ақпараттық сервисі

Осы заманауи ақпараттық технологияларын қолдану нәтижесінде сот саласы барынша ашық, әрі қолжетімді болып табылады, яғни сәтті жүзеге асырылған жүйенің бірі - «Сот кабинеті» электрондық қызметі.

Сот кабинеті сот органдарының сервисіне электронды түрде құруға арналған бірыңғай терезе болып табылады. Азаматтар мен заңды тұлғалардың кез-келген өзіне ыңғайлы уақытта, үйден немесе кеңесден шықпай-ақ, онлайн режимінде «Сот кабинеті» интернет-сервисі www.sud.kz арқылы электронды түрде талап арыздарды (арыздарды) беруге, шағымдар мен өтінішхаттарды жолдауға, сондай-ақ істің қаралу барысын бақылауға мүмкіндіктері бар. Кейіннен бірыңғай ақпараттық жүйені біріктіруде IT жобасы аясында құжат айналымы жетілдіріліп, соттарға «Төрелік» ақпараттық жүйесі енгізілді, яғни қазір азаматтар шығарылған шешімдер, ұйғарымдармен және басқа да қажетті ақпараттармен танысып, құжаттардың көшірмелерін тез алу мүмкіндігі туды.

«Сот кабинеті» арқылы сақтандыру компаниялары әкімшілік сот қауылыарын еркін алуға мүмкіндіктері қарастырылған.

«Сот кабинетінің» мобилдік қосымшасы» іске қосылған, мобилдік қосымша көптеген портал сервистарымен сәйкестендірілген, олар: ұсынылған немесе жіберуді күтудегі құжаттарды қарастыру, сот отырысының қатысушыларының тізбесі; тыңдалатын істердің тізімі; хабарландырулар және т.б. қызметтер көрсетілуде, ол жеке және заңды тұлғаларға қолайлы болып табылады.

Мобилдік қосымша қолданушының тіркеу сервисінің Сот кабинеті веб-нұсқасынан артықшылығы қолданушының тіркеу процессі үшін ЖСН және ұялы телефон нөмірін көрсету жеткілікті. Қолданушының көрсетілген ұялы телефонының нөміріне СМС арқылы қосымша авторландыру үшін пароль келіп түседі.

Сот кабинетінің оңтайлы нұсқасы мобилдік қосымшасы, аталған қосымша «Сот кабинеті» сервисімен үйлестірілген, жаңалықтар - бұл сервис Қазақстан Республикасының Сот жүйесінің хронологиялық тәртіпте жаңалықтарын көруге мүмкіндік береді.

Сот кабинетіне кіру үшін, Халыққа қызмет көрсету орталығынан немесе egov.kz елп сервисі арқылы электрондық цифрлық қолтаңба алу қажет.

Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері сотқа электронды құжаттарды «Сот кабинеті» сервисінде орналастырылған электронды нысандарды толтыру арқылы беруге құқылы. Ол үшін аталған тұлғаларға «Сот кабинеті» сервисінде тіркелу қажет.

«Сот кабинеті» сервисінде авторлану ЖСН немесе БСН және пароль арқылы жүзеге асырылады. Құжаттарды заңды тұлғаның өкілі берген кезде авторлану БСН, жеке тұлғалар ЖСН арқылы жүргізіледі.

«Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы сотқа электрондық құжаттарды беру тәртібі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында жалпыға қолжетімді: <https://office.sud.kz/> адресінде «Сот кабинеті» сервисі бойынша түсіндіру анықтамасы, нұсқаулық енгізілгені хабарлайды.

Сонымен қатар сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Сот актілерінің банкі» қызметі іске қосылды, бұл қызмет сот актілерін іздеу тәртібін жеңілдетеді, оны www.sud.kz арқылы электронды түрде жүзеге асыруға болады.

Ақсу ауданының халық тұрғындарынан соттарға жолданытын талап арыздар, өтінішхаттар, материалдар, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері және т.б. құжаттарды аталған сервисі арқылы электрондық тәсілмен жіберулеріңізге болатынын хабарлайды.

С.ИМАНЖАНОВА,
Ақсу аудандық соты әкімшісінің басшысы.

АПАМНЫҢ ОРДЕНІ

Күнренген күздің қара суығы еді. Аспанды ала бұлттар торуылдап, ауыл адамдары мал-жайларын жайғастырып, қаһарлы қыстың дес бермес қатулы аязына дайындалып әлек. Үш айлық демалыс аяқталып, «әй, дейтін әже, қой дейтін қожа» болмаған сарпылған күндер аяқталып бара жатқандай. Үйде бес баламыз. Бесеуімізде бес түрліміз. Әркімнің қызығушылығы, сыртқы болмысы, ой-өрісі сан қилы. Бауырларым және мен жастайымыздан апамның тәрбиесін көріп өстік. Апам бес уақыт намазын үзбей оқып, үнемі біздің амандығымызды тілеп отырады. Ал, бізді ел қатарынан қалдырмайын деп маңдай термен нәпақа тауып жүрген әке - шешемізді таңның атысы, кештің батысына дейін көрмейтін едік. Даланы түлеп жатқан шаңды боранда барлығымыз жиналып, маздап жанып жатқан оттың жанында отырып, сырты ою шынымен ыстық сорпа ішудің өзі тіпті бөлек еді ғой.

Апам осы қақаған суықта жылы шәлісіне оранып, даладан отын тасып әлек. Шәлісінің арғы бетінен жалтылдаған қызыл ордені ерекше көзге түседі. Орден жайлы әңгіме үйге келген сыйлы қонақтардың айтуы бойынша есте сақталып қалған.

Бірде апам күндегі әдетінше, ұршығын иіре отырып, пеш түбінде отырған барлығымызға ертегі, қисса - дастандарды айта бастады. Әжемнің сөйлеп жатқанына бірер сағат болды, ал менің ойым мүлдем басқада. Әжемнің қамзолындағы қыпқызыл орденнің қалай келгенін өз ойыммен саралап жатырмын. Ойымның мүлде басқада екенін байқаған ол:

- Қарағым айта қойшы не ойлап жатырсың? Бүгін көңілің алаңдаулы ғой? Тыныштық болмай өзі?!

- Иә, апа тыныш. Тек менің ойымды мазалап жатқан бір нәрсе... Ым-м-м...



- Ол не нәрсе болды, балам?
- Апа, ана қызыл орден қайдан келген?

- Е-е, айналайын, сұрағың өте орынды. Егер қызық болса айтып берейін. Сол бір Ұлы Отан соғысы сан қилы жылдар баршамыз үшін ең ауыр сәттер болды. Кеңес одағы әр үйдің түтінінен ер адамдардың барлығын соғысқа аттандырды. Оның ішінде сенің атаң да болатын. Атаңды соғысқа алған уақытта мен екі ұлыммен және құрсағымдағы сенің әкеңмен өзім жалғыз қалдым. Үкіметтің тапсырмасымен барлық әйел қауымы таңнан кешке дейін кішкентай балаларымызды қараусыз үйде қалдырып канал қазуға барамыз.

- Канал? Не үшін?
- Иә, канал! Сол уақытта егін басына су тарту үшін ауыл әйелдеріне канал қазғызып қара жұмысқа жіберетін. Жұмыс уақытында бар ойым үйде қалған төрт және бес жасар ұлдарым мен бесікте жатқан сенің әкеңде болатын. Өртүрлі ойлар маза бермейтін. Бірде жұмыс ерте аяқталып, үйге келсем, үлкен ұлым шырылдап жылап жатқан інісінің аузына шәугімдегі қара суды тамызып уатып әлек болуда екен.

- Қара су?
- Иә, балам, қара су. Ол кезде халық бір үзін нанды бөліп жеп, қайтсе де соғыс тезірек аяқталса деген уақыт. Егіннен жерге шашылып қалған бір уыс бидайды теріп алып, үйге алып келіп балаларға қуырып беремін. Сондағы

жүздерінен бал - бұл жайнаған сәтті көріп жүрек елжірейді.

- Мәссаған! Недеген ауыр кезең. Ал содан кейін не болды? Атам соғыстан оралды ма?

- Күндердің бір күні жұмыс басындағы демалыста көз ілмей, әкеңе күпәйкі тігіп отырған уақытта бір хат келді. Ол хатта атаң: «Қалың қалай, балалардың қалы қалай? Біз бүгін Украина түбіндегі қалың ормандамыз. Ертең жауға аттанамыз. Құдайым аман - есен көрісуді жазсын...» - деп хат жолдапты. Ертесіне араға көп уақыт салмай соғыс майданынан тағы бір хат келді. Қара қағаз.

- Қара қағаз?
- Соғысқа аттанған шаңыраққа қара қағаз келсе, соғыс майданында ерлікпен бақилық болғаны. Ел - арасында бұл түсінік осылай қалыптасқан. Қара қағаздың ішін ашпастан - ақ бірден түсіндім. Қайғырдым, ақ орамалымның ұшына көзімнің жасын сүртіп, үш баламмен жесір қала бердім.

- Апа қатты қиналған боларсыз?
- Әрине, балам. Уақыт емші. Қиналсамда осы үш перзентімді аяққа тұрғызып, «азамат» қылу үшін әдеттегіден де көп жұмыс істеуге тура келді. Канал қазумен қатар қызылша теруге шықтым.

- Қауірді ең жылдам болғаным үшін мені осы орденмен марапаттады ғой, жарығым!

Қазіргі уақытта үш балам да сол кездегі ауыртпалық пен қиыншылық билеген орны толмас сәттерді еселеп, үлкен азамат болды.

Апамның бұл әңгімесі ерекше әсер қалдырды. Қайтсем де балаларымды жетілдіріуім керек деген ана жүрегі нағыз қазақтың батыр әйел сипатының көрінісі. Апамның адалдық пен ақ ниет батасы ертедегі қазақтың «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер» мәтелін еріксіз еске салады...

Маржан АСЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Е.Сықымов атындағы орта мектебінің 11-сынып оқушысы».

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық «ҚАЗПОШТА» байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

«АҚСУ Өңірі» газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

Жағуға болмайды!

Ақсу ауданы тұрғындарының назарына! Шабындық жерлерді, көшені және аула ішін қоқыстан тазалағанда көпшілігі оны жағып жібереді. Сол себептен өрт қауіпсіздік нормалары мен ережелерін бұзып жақын орналасқан құрылыстар мен үйлерге қауіп туғызады. Сондықтан қоқысты жинап, арнайы жерге шығарып тастауыңыз қажет.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің «Атмосфераның ауаны сақтау жөніндегі және өндірістік тұрмыстық қалдықтарды жағу және жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау туралы» 336 бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар әкімшілік жауапқа айыппұл ретінде тартылады.



ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ САҚ БОЛҢЫЗДАР!



Адами факторлар табиғи өрттердің негізгі себептері болып табылады. Адамдар даладағы өткен жылдан қалған шөптерді жиі өртейді, қатты жел оттың ұшқындарын қалыптастырып, өрт орын алады.

Сонымен қатар, еліміздің аумағында күннің аптап ысуына байланысты дала өрттерінің орын алады. Көп жағдайларда дала өрттері адамдардың абайсыздығынан пайда болады.

Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын өшірмей кеткендіктен немесе көлік жүргізушілерінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан, ашық алаңқайда қоқысты немесе құрғақ шөптерді жағуы және т.б. салдардан пайда болады.

Сол себепті, осы кезеңде көкке шыққан азаматтардың далалы аймақта өте сақ болуы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының шараларын сақтап, өте мұқият болуы қажет.

Ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ тұрғын үйлердің және басқа ғимараттардың аумағы тез жаңғыш қалдықтардан, жапырақ қалдықтарынан, құрғақ шөптерден және т.б. қоқыстардан тазалануы керек.

Ашық өрт жағуға, қалдықтарды өртеуге тыйым салынады. Өрбір тұрғын үйлердің жанына су бөшекелерін және өрт сөндіргіштерді орналастыруға болады.

Жазғы мезгілде ата-аналар балаларға ерекше назар аударуы тиіс. Ата-аналар балаларға сіріңкемен ойнауға болмайтынын түсіндіру керек. Өзіңіздің істеріңізбен балаларды өрт қауіпсіздік ережелеріне үйретіңіз!

Құрметті аудан тұрғындары! Шөптер мен сабандарды жақпаңыздар. Бақылаусыз қоқыстарды өртемеңіздер және алау жақпаңыздар. Балаларға сіріңкемен ойнауға, шөптерді өртеуге рұқсат бермеңіздер.

Оттың бір құрылыстан басқасына өтіп кетпеуі үшін, шаруашылық аулаларының, гараж кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазартыңыздар.

Жанған сіріңке мен темекі тұқылдарын лақтырмаңыздар. Күннің астында бөтелке немесе шыны сынықтарын қалдырмаңыздар.

Құрғақ және желді ауа-райында алау жақпаңыздар, оларды сөндірісіз қалдырмаңыздар. Егерде сіз басталған өртті байқасаңыз, мысалы, кішкене өртенген шөп, оны өздігіңізден өшіруге тырысыңыз. Кейде жай ғана жалынды таптап тастау да жеткілікті (шындығында, шөптің бықсып жатпағандығына көз жеткізіп, күте тұру керек, әйтпесе от қайта жануы мүмкін).

Егерде от қатты жанса, оны өз күшіңізбен сөндіре алмасаңыз, шамаңыз келгенше онымен айналысатындарға тезірек хабар беруге тырысыңыз. 101 және 112 телефондарына қоңырау шалып, байқаған жану ошағын және оған қалай бару керектігін хабарлаңыз.



Дала өрттерінің алдын алауық!

Жаз мезгілінде дала өрттерінің болуы қазіргі жағдайда белең алуға. Ескеретін жәйт, көбінесе құрғақ шөптің жануына отты абайсыз қолдану, сөндірілмеген темекі тұқылы, балалардың отпен ойнауы себеп болып табылады. Осыған орай, Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі Өрттің алдын алу мақсатында табиғатта болған кезде жанып жатқан сіріңке мен темекі тұқылын тастамау, балалардың сіріңкемен және отпен ойнауына жол бермеу, аң аулауда бықсыған материалдардан жасалған оқ тығынын пайдаланбау, от жағуға және құрылыстардың жанында қоқыстарды жақпауларыңызды ескертеді. Алауды тек топырақ қабатына дейін тазартылған алаңға жағыңыз. Өрт болған жерден шығып, отты сумен сөндіріңіз немесе ошақтың жануы толық тоқтағанға дейін топырақ лақтырыңыз. Шыны ыдысты және сынған шыныны қалдырмаңыз. Басталған

өртті сумен, ұзындығы 2 метрге дейінгі жапырақты ағаштардың бұтақтарымен сөндіріңіз немесе топырақ лақтырыңыз. Ескерту! Дала өрттерін сөндіру кезінде: - Жалынды қаптармен, басқа да қолда бар құралдармен өшіріңіз; - Егер техника болса, оны пайдалануға тырысыңыз, өрт учаскесін жыртыңыз немесе қорғаныс жыртуды жүргізіңіз; - Ең алдымен оттың таралуын тоқтату керек, одан кейін ең қарқынды жану орындарындағы отты сөндіру керек. Бұл ретте су ағысын жалынға емес, жанған жерге бағыттау керек. Өрт болған жағдайда Өртке қарсы қызметке 101 және 112 нөмірі бойынша хабарласыңыз!

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.



Қазақ халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосқан ұлы тұлғаларымызға биыл 130 жыл толып отыр. Олардың қаламынан қазақтың дархан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс - әрекеттері, өмірге деген құштарлықтары, болашаққа үміт – сенімдері кеңінен бейнеленді.

ҮШ БӘЙТЕРЕК - ҮШ АЛЫП

«Үш бәйтерек» ұлттық сөз өнерін азаматтық бейне, беделімен де, қайраткер, қаламгерлігімен де биік белеске көтерді. Ұлт руханиятын даңқты туындыларымен, тақырып байлығымен, жанрлық қырларымен, көркемдік әлемімен байытты. Қазақ әдебиетінің тарихына үш бәйтерек болып енген – Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Май-

лин бір жылда өмірге келіп, шығармашылықтарын қатар бастап, дүниеден де бір мезгілде өтті. Қазақ зиялылары, ұлттық әдебиеттің үш бәйтерегі аталған ақын-жазушылары кеңес үкіметі тұсында «Алашорда» ағарту - ұлтшылдар» атанды. 20 ғасырдың отызыншы жылдар ойранында жазықсыз, жазаға кез келді. Құғын - сүргінге ұшырап, атылды. Бүгінгі жастар – еліміздің

ертеңі. Ұлттық санамыз сілкініп, саяси ой - өрісіміз өрлеу жолына түскенде біздің кім екенімізді, ата - бабамыздың қандай болғанын, кең байтақ өлкені қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап, қалай қастерлегенін, тегіміздің мызғымас мықты екенін ұрпаққа ұғындырып, келер ұрпаққа мирас етіп қалдыру жолында жанын пида еткен алаш ұлдары аз емес. Солардың бірегейі, әдебиетіміздің үш бәйтерегі атанған ұлы тұлғалар - Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин өмірлері

қысқа, тағдырлары ауыр болғанымен шығармашылық ғұмыр баяндары ғибратты да мәнді болып, артына өшпес мол мұра қалдырды. Тәуелсіздікті ту еткен қазақ халқы осындай тұлғаларымызды мәңгілік мақтан тұтады.

Алима ШАПИЫҚ,
Арасан ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

12 МАМЫР - АСЫЛ АНАЛАР КҮНІ!

ТАРИХЫ ТЕРЕҢДЕГІ МҰЗДАТҚЫШ

Еске түсіп өткен күнім кешегі, Есіме алып ойлап тұрмын

Себепшісі осы өлеңді жазуға, Сыртта қалған тоңазытқыш мекені!

Тоңазытқыш істеп тұрған нешелі? Еске салар көрген сайын шешемді! Сол дүкеннен сатып алып

84 - тің мамыражай кеші еді.

Содан бері, 40 - жылдың жүзі өтті, Бұзылған жоқ, талай етті мұз етті! Бүгін тағы көзім түсіп еріксіз, Сағыныштан жүрек шіркін, дыз етті!



Істеп тұрды, іші толған азық лық, Балаларын ас - ауқатқа қарық қып! Заманға сай мұздатқышты әкеліп, Орын беріп сыртқа шықты жарықтық!

Көзі еді шешеміздің кешегі, Тарих деген ойдан қалай өшеді? Темір терсек алатындар сұрайды, Көзі емеспе сата алмаймын, шешемді!

Мұның орны босаға емес, төр еді, Енді қазір таусылғандай керегі. Өз орнына апарайын бұрынғы, Анамыздың көзі еді ғой себебі!

Бауыржан БОЛАТХАНҰЛЫ.

“МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ” ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ



Құрметті, Жетісу облысының тұрғындары, 2024 жылдың 15 мамыр мен 15 маусым аралығында жыл сайынғы «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға өтінім қабылдау басталады.

Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын

дәріптеу және кеңінен насихаттауға, Қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттауға бағытталған.

Конкурсқа мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ, қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) Жетісу облысының отбасылары қатыса алады.

Барлық мәліметті аудандық, қалалық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімдерінен алуға болады. #Otbasyum2024

Ақсу ауданы - 8 (72832) 2-14-12.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ДЕПАРТАМЕНТ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі – Департамент) мамандары тарапынан көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарының бұзылуының тағы бір фактісі анықталды. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсандағыдай қызмет көрсетушілер тарапынан заң талаптарының ұқсас бұзылуы салдарынан Талдықорған қаласының тұрғыны заңды құқығынан айырылды.

Осылайша, Департамент мамандары Талдықорған қаласы тұрғынының жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасының төмендігіне қатысты өтінішін қарау қорытындысы бойынша, Талдықорған қаласы Өтенай ауылдық округі әкімдігі мен жер қатынастары бөлімінің мамандарының өз лауазымдық міндеттеріне немқұрайлы қарауы, көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болған жер комиссиясының шешімімен келіспейтіндігін уақтылы даулау мүмкіндігінен айырылды.

Бұл факт көрсетілетін қызметті алушыны құзыретті органдар қабылдаған шешімнің нәтижелері туралы өз пікірін білдіру мүмкіндігінен және одан әрі сотқа шағымдану мүмкіндігінен айырылды.

Департаменттің араласуынан кейін ғана көрсетілетін қызметті алушыға жер комиссиясы хаттамасының көшірмелері ұсынылды, бұзылған құқықтар қалпына келтірілді.

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ.

Атап айтқанда, шағымданған мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары көрсетілетін қызметті алушыны жер комиссиясы шешімінің хаттамасымен таныстырмағаны анықталды.

ҚОҢЫРБАЕВА АЙЖАН ЫСҚАҚҚЫЗЫ

Қоңырбаева Айжан Ысқаққызы 1964 жылы желтоқсан айының 9-ші жұлдызында Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында дүниеге келген. 01.09.1984 жылы Өскемен педагогикалық университетіне түсіп, 12.06.1992 жылы бітірген. Алматы қаласында «Туран» университетіне 01.09.2018 жылы түсіп 19.06.2020 жылы қаржы мамандығын бітіріп шыққан.

Айжан Ысқаққызы 2018 жылдың маусым айының 20 - шы жұлдызынан 2024 жылдың сәуір айының 26 - шы жұлдызына дейін Ақсу АПБТ - ның басшысы лауазымында жұмыс атқарды. Дәл сол күні ауылдан Алматыға қуаныш тойға бара жатқанда жол келік апатынан мезгілсіз өмірден озды...

Әх, біреуге ерте, біреуге кейін... Бірақ қимайсың, әсіресе, ажал осындай ауырмай, сырқамай, опасыз да күтпеген тұстан алса...

Айжан Ысқаққызы өте



нәзік адам еді. Бірақ сонысына қарамай күн демей, түн демей, жанын аямай жұмыс істеді. Өте сауатты, қос тілді де керемет меңгерген, көңілді, ақ пейіл жан еді. Жұмысына өте мұқият, жауапкершілігі зор болатын. Ауданымыздағы ҚазПошта

байланыс торабы акционерлік қоғамының өрлеуі жолында еселі еңбек сіңірді.

Санаулы ғұмырында адамдық қалпынан, адалдық салтынан бір таймады. Жайсаң жанның аудан дамуына қосқан қомақты үлесін аудан жұртшылығы жақсы біледі.

Жақындары үшін ол білімді маман, білікті басшы ғана емес, қашан көрсең де жүзінен шуақ төгіліп тұратын мейірбан әріптес, өмірде алға қойған мақсаттарына қол жеткізген бір туар азаматша, ағайын - туған, дос - жаранмен жібін үзбеген жақсы адам, асыл ана, аяулы жар еді.

Жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын. Туған - туыс, отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Аудан әкімі - Тынышбаев Берік ТЫНЫШБАЙҰЛЫ, аудандық мәслихат төрағасы - Сүлейменов Бейбіт ЖАҢЫЛЫСҰЛЫ, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы - Айтбаев Амангелді АЙТБАЙҰЛЫ.

ЖАҚЫПБЕКОВ ӘДІЛХАН ОРАЗҰЛЫ

Жақыпбеков Әділхан Оразұлы 1954 жылы 02 тамызда Алматы облысы, Кербұлақ ауданының Калинин ауылында дүниеге келген.

1978 жылы Талғар ауылшаруашылық техникумынан "Өсімдік қорғау" мамандығын алды. Кейін сырттай Қазақтың мемлекеттік аграрлық университетін оқып, "ғалым - агроном" мамандығын алды.

Еңбек жолын 1980 - 1990 жылдар аралығында Ақсу ауданының өсімдік қорғау станциясында агрономнан бастап басшы қызметіне дейін көтеріліп жұмыс атқарды.

Осы 1990 жылы Ленинград ауылшаруашылық институтында 3 айлық білімін жетілдіру курсы оқыды.


1990 - 1995 жылдары Ақсу ауданының МТС мекемесінде директор болды.

1995 - 2000 жылға дейін тәжірибе шарашылық мекемесінде бас агроном болды.

2005 - 2008 жылдары Қаракемер совхозында агроном кейін директоры болып қызмет атқарды.

2008 - 2010 жылдары Ақсу ауданының Жансүгіров ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

2010 жылдан бастап Ақсу ауданының ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы қызметін 2017



жылға дейін зейнеткерлік жасқа жеткенше атқарып абыроймен зейнеткерлікке шықты.

Ауданымыздың негізгі саласы ауылшаруашылық десек, осы салада абыройлы еңбек етіп, аудан экономикасының дамуына елеулі үлес қосқан Ақсу ауданының "Құрметті азаматы" Әділхан Оразұлы 70 жасқа таяған шағында өмірден озды.

Отбасына, туған - туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Б.ТЫНЫШБАЕВ, аудан әкімі. Б.СҮЛЕЙМЕНОВ, аудандық мәслихат төрағасы. А.АЙТБАЕВ, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

«Ақсу өңірі» ЖШС Ақсу аудандық газетінің ұжымы Ақсу АПБТ - ның басшысы лауазымын атқарып, аудан экономикасының дамуына елеулі үлес қосқан әріптесіміз **ҚОҢЫРБАЕВА АЙЖАН ЫСҚАҚҚЫЗЫНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған - туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Достық, бірлік, ынтымақ



Халықтар достығын нығайту, жас ұрпақтың санасына ұлттар достығын насихаттау 1 мамыр ғасырдан ғасырға жалғасып,

достық, бірлік, ынтымақ күні" аталып келе жатқандығы жайлы түсінік қалыптастыру мақсатында Н.Есеболатов атындағы орта

мектептің мектепке дейінгі шағын орталығында "Достық, бірлік, ынтымақ күні!" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Бүлдіршіндер қуанышты көңіл - күймен әрқайсысы әртүрлі ұлттың киімін киіп, сол ұлттың өнерімен танысып, билеп, мәнгерлеп оқу әдістерін жетілдіру барысында тақпақтарын айтып, біраз мағлұматтар алды.

Отанымыздың бейбітшілік өмірі нығайып, жас ұрпақтың болашақтары жарқын болып, келешектері кең болсын, зіл - зала, түрлі апаттардан Отанымыз, отандас бауырларымыз аман болып, достық, бірлік, ынтымақтары арта берсін деген тілекпен тәрбие сағатымызды аяқтадық.

Ұ.ҚЫЗАЙБАЕВА, ересек топ тәрбиешісі.

Достық - адамдардың бір-біріне қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болуынан басталатын қарым қатынас, өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық - кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге үйрететін, ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық. Достар - бір - біріне ұқсас жандар. Бір - бірін толықтыратын, бір - бірінің кемшілігін жауып тұратын адамдар. Осындай нағыз досымыздың бірі **ӘДІЛХАН ЖАҚЫПБЕКОВ**

өмірден өтті. Досымыздың отбасына, ағайын - туыс, туғандарына, бала - шағасына, жұбайы Розаға қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

АЛМАТЫЛЫҚ СТУДЕНТТІК ДОСТАРЫ ЖҰМАҒАЛИ, КЛАРА, ТҰРСЫҢҚОЖА, ГҮЛСАРА, ГҮЛНАР.

ТҮЗЕТУ: Газетіміздің №16 (10219) 26 сәуірдегі санында жарияланған "Алдыңғы толқын" атты мақаладағы "Жұмысшы" деген жұмыста, "Туркия" деген сөз туризм болып, №15 (10218) 19 сәуірдегі Ажар Сенжібайқызы 85 жаста деген мақалада "Құр" деген сөз құрған болып оқылсын.

Кекті бала
Толқынды Днепрдің жағасында,
Туған ел Украина қаласында,
Жорыққа іздеп шықты партизандар,
Түн қатып қалың орман арасында.
Жас бала жадап - жүдеп келе жатты,
Жолықты ормандағы партизанға.
Көргендей болды бала ата - анасын!
Бір сығып қуанғаннан көздің жасын.
Айталмай тұрды біраз кекті бала,
Сұмдардың селодағы уақиғасын.
Жендеттер ауылды өртеп, елді шапты.
Ауылдан әлсіреген өкемді атты.
Өкемнің көз алдында арын төгіп,
Інімді отқа салып шырқыратты,



Сорлы анам азаппенен қаза тапты.
Мен емген ақ мамасын қылыш шапты.
Дірдектеп қан аралас анам сүті:
Сорғалап топыраққа сіңіп жатты.
(Өкемнің бала күнәі өлеңі)

Мер төгіп елің қорғайды
Мәңгілік елдің іргесі,
Бармекен жердің төңдесі!
Ананың сыздап кеудесі,
Алланың әр бір пендесі.
Қаршадай болған жасында!
Естілген ана зарыда!
Борышы сарбаз Отанға.
Атқандай майдан тағыда,
Ұрпағым аман болсын деп.
Жауынгер жүрек үлпілдеп.
Аттанған ұзақ майданға,
Әйтеуір аман келемдеп.
Жол тосып ана қарайды,
Сағынып ана жылайды.
Майданнан келген әр хатқа,
Қуанып сәлем жолдайды!
Шарпыған жалын оңбайды.
Көк түтін аспан торларды.
Келешек ұрпақ соғысты,
Мәңгіге жыр қып жырлайды.
Қазақтың әр бір ұлдары!
Елі мен жерін сатпайды,
Келешек келер ұрпағын,
Тер төгіп солай қорғайды.
Еркенай ҚУАТБЕКҚЫЗЫ.

Құрметті пациенттер!
10 мамырда біздің емханада ерекше шара болатынын хабарлауға қуаныштымыз. «Экомед» клиникасы бізге бедеулік мәселелері бойынша кеңес беру үшін келеді.
Егер Сіз немесе Сіздің серіктесіңіз бедеулік мәселесіне тап болса немесе осы тақырып бойынша сұрақтарыңыз болса, Ecomed клиникасының тәжірибелі мамандарынан кеңес алу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз. Біздің гинекологтар арқылы алдын ала жазылуыңызға болады.
Бұл кеңес Сізге қажетті ақпаратты алуға және бедеулік мәселесін шешуге көмектеседі деп үміттенеміз. Сізге сәттілік пен денсаулық тілейміз!
ҚҰРМЕТПЕН: АҚСУ АУДАНЫҚ АУРУХАНАСЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ!
21.05.2024 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында <http://esportal.kz/> Жетісу облысының Ақсу ауданында орналасқан "Болашақ" шаруа қожалығына (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объект үшін) "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.
Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Болашақ" шаруа қожалығы, ЖСН 490501300340, мекенжайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Егінсу ауылы, Қойбағаров көшесі 12. Тел. 87026438825, bayahmetov@bk.ru. Жоба материалдарымен esportal.kz сайтында танысуға болады.
Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, ЖСН 830514301679, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.
Ұсыныстар мен ескертулер esportal.kz сайтында қабылданады.
"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2502

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Оффсеттік басылым көлемі 26 т.